

Мәслихаттың 2014 жылғы 28 ақпандағы № 148 "Қостанай облысы Жангелдин ауданының Албарбөгет ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихаттың 2017 жылғы 18 мамырдағы № 95 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 маусымда № 7081 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихаттың 2022 жылғы 31 мамырдағы № 110 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихаттың 31.05.2022 № 110 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Жангелдин аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 28 ақпандығы № 148 "Қостанай облысы Жангелдин ауданының Албарбөгет ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4581 тіркелген, 2014 жылғы 25 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Жангелдин ауданының Албарбөгет ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларында:

1-тармақ мемлекеттік тілде жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Осы Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Укіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Қостанай облысы

Жангелдин ауданының Албарбөгет ауылдық округі (бұдан әрі – Албарбөгет ауылдық округі) ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын еткізудің тәртібін белгілейді.";

8 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін Албарбөгет ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Жангелдин аудандық мәслихатымен бекітілген сандық құрамына сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

K. Ордабаев

Жангелдин аудандық

мәслихатының хатшысы

C. Нургазин

"КЕЛІСІЛДІ"

Жангелдин ауданының

Албарбөгет ауылдық округі

әкімінің міндетін атқарушы

Б. Бектұрғанов

2017 жылғы 18 мамыр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК